

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Түркі филологиясы кафедрасы

Қазіргі қазақ тілі пәнінен

КУРС ЖҰМЫСЫ

Тақырып: Қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық тәсіл арқылы
жасалған синонимдер



Қабылдаған: Адилова Г.

Орындаған: Қонақбаева А.

Нөкис -2014

Қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық тәсіл арқылы жасалған синонимдер

Жоспары:

Кіріспе

1.Синонимдерге жалпы сипаттама

Негізгі бөлім

1.Сөз мағынасының дамуы барысында жасалған синонимдер

2. Кірме сөздер арқылы пайда болған синонимдер

3.Фразеологиялық тіркестер арқылы жасалған синонимдер

Қорытынды

Кіріспе

Синонимдерге жалпы сипаттама

Синонимдер жалпы тіл білімінің үлкен бір саласы-лексикологияға ғана қатысты болып қоймай, сонымен қатар, сөздердің мағыналық жақтан қалыптасу, өзгеруімен де байланысып жатады. Мұны синоним сөздердің мағыналық жақтан дамуы нәтижесінде жаңа синонимдік қатарлар пайда болады. Синонимдердің пайда болу жолы тілдегі сөздердің, олардың әр түрлі мағыналарының қалыптасу жолымен бірлікте қаралады.

Тілдегі сөздер өмір құбылыстарының түрленіп, жаңғыруына орай, мағыналық жағынан жетіліп отырады. Сөздердің түрленген, жетілген жаңа мағыналары күнделікті қоғамдық ортада, адамдар арасындағы қарым-қатынаста қандай роль атқарса, сөз мағыналарының қилы-қилы жақтарын айқындап-анықтауда синонимдер де сондай маңызды роль атқарады. Кез келген тілді алсақ, синонимдер-сол тілдің сөздік құрамы мен сөз байлығының дәрежесін байқатар көрсеткіш. Оның тілдегі сөздік қордың дамуына емес, жалпы көркем әдебиеттің, өнердің кемелденіп, толысуына, көркем сөздің жетілуіне, күнделікті өміріміздегі қарапайым сөйлеу тілінің нәрленіп, қалыптасуына тигізер әсері мол. Осы тұрғыдан алғанда, лексикалық синонимдердің қоғамдық- тілдік қарым-қатынаста атқаратын миаңызы зор. Синонимдер, біріншіден, әдеби тілдің жоғары талғамды болуын қажет етсе, екіншіден, қарапайым сөйлеу тілінің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне әсерін тигізеді.

Сын есім синонимдер заттың не құбылыстың қасиетін, сапасын, көлемін, салмағын, түр-реңі мен сыр-сипатын өзара мәндес сөздер арқылы жан-жақты алып көрсетеді. Олар бұл сындық қасиеттердің жоғары сапалылығын, қарқынды интенсивтілігін, бір-бірінен артық не кем екендігін сөздердің белгілі бір мағыналылық реңктері арқылы айқындайды. Олар сыр-сипатты тек анықтап қана қоймай, оның жағымды-

жағымсыз жақтарын эмоциональды-экспрессивтік мәні бар синонимдес сөздер арқылы білдіреді.

Лексикалық синонимдерді зерттеудің, оның ерекшеліктерін айқындаудың тіл білімінде теориялық мәнімен бірге практикалық мәні де зор. Көркем әдебиет пен өнердің қай саласын алмайық, олар сөздік құрамның неғұрлым бай, әр тарапты болуын талап етеді. Егер көркемдіктің әуелгі құралы бейнелеу немесе бейнелі сөз дегенге жүгінсек, айтар ойды мәнерлеп, нақтылап, әсерлі жеткізу үшін синоним сөздер өте қажет. Әрбір адамның көңіл күйіне, көзқарасына, мақсатына сай ойды дәл, әрі көркем етіп айтуда синонимдер маңызды қызмет атқарады. Осы тұрғыдан келгенде, сын есім синонимдер эмоциональды сезім-күйлер мен әр түрлі нәзік реңктерді білдіруде ерекше орын алады. Сын есім синонимдер тілде мынадай мақсаттар үшін қолданылады: 1. Заттар мен құбылыстардың қасиеттерін жан-жақты дәлме-дәл түсіндіру үшін. 2. Қосыша эмоциональды-экспрессивтік мәнді білдіру үшін. 3. Бір сөзді ретсіз қайталамау үшін.

Қоғам дамуының барысында өмірдегі әр түрлі заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін жан-жақты танып-білу қажеттігі туады. Осындай қажеттіліктен келіп тілде жаңа сөздер пайда болады, синонимдер қалыптасады. Бұл жөнінде К.Аханов: «Заттар мен құбылыстардың бірден көзге түсіп байқала қоймайтын айрықша қасиеттерін бірте-бірте ашып, оларды атау үшін және мағыналарының нәзік реңкін ажыратып айту үшін, тілде жаңа сөздер жасалып отырады да, тілдің сөздік құрамы байып отырады. Тілде жаңа сөздердің жасалуы синонимдердің пайда болуының басты жолы болып табылады¹»-дейді.

Тілдегі сөздердің негізгі екі жағы: дыбысталуы мен мағынасы болатыны тәрізді, лексикалық синонимдердің де екі жағы болады. Синонимдердің бір ұғымды білдіретін сәйкес мағыналылығы-оның

¹ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы. 1993ж.128-б.

мазмұны болып табылса, олардың дыбыстық әр түрлі құрылымы-формасы, тұлғасы болып саналады. Тілдегі синонимдердің қалыптасуы-заттар мен құбылыстардың жаңадан танылған қасиеттеріне байланысты пайда бола келіп, ең алдымен тілдегі сөздердің мағыналық дамуымен тікелей ұштасып жатады. Сөздердің мағыналық жақтан дамуы синонимдердің қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Сондықтан да лексикалық синонимдердің жасалу жолын жалпы тілдегі сөздердің пайда болуымен, олардың мағыналық өзгеруімен, жетілуімен бірлікте қарастырған жөн.

Сөздің мағынасы ақиқат өмірдегі құбылыстардың санаға әсер етуі нәтижесінде белгілі бір дыбыстық комплекс арқылы беріледі. Сөз мағынаның тірегі бола отырып, онымен бірдей емес. Тілде кейбір сөздер мағынасын жоғалтуы немесе мағынасын өзгертуі мүмкін. Сөздік құрамда мағынасын жоғалтқан сөз де өмір сүре береді. Сөз мағынасының өзгеруіне, дамуына дүниедегі заттар, қоғамдық құбылыстар әсер етеді. Заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттерін танып білуде тілде жаңа дыбыс комплексінен тұратын сөздердің жасалуы сирек кездеседі. Көбінесе тілдегі бұрыннан бар сөз әр түрлі заңдылықтарға байланысты жаңа мағынаға ие болады да, тілдік қарым-қатынасқа түседі. Сөз мағыналарының осындай жетілу процесі арқылы синонимдер жасалады.

Курс жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық тәсіл арқылы жасалған синонимдерді М.Әуезовтің «Абай жолы» романы мысалдары арқылы үйреніп шықтық.

Негізгі бөлім.

1. Сөз мағынасының дамуы барысында жасалған синонимдер

Лексикалық синонимдер сөздердің негізгі, тура мағынасы тарапынан ғана емес, олардың ауыспалы мағынада қолданылуы арқылы да молайып отырады. Өмірдегі заттар мен құбылыстарды, олардың әр түрлі қасиеттерін сөзбен атап отырудың қажеттігі жаңа мағыналардың пайда болуына, тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздердің мағыналық жақтан дамуына әсерін тигізеді. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы олардың көп мағыналылығымен тығыз байланысты. Сөз негізгі мағынасынан басқа ауыспалы мағыналарға ие болуы арқылы бірнеше синонимдік қатарларда жұмсалады. Сөздердің мағыналық жақтан дамуы көп мағыналы сөздерді туғыза келіп, синонимдердің жасалуына ықпал етеді. Сондықтан синонимдердің жасалуын қарастырғанда сөздің мағыналық жақтан дамуына, соның нәтижесінде көп мағыналы сөздердің пайда болуына ерекше назар аудару қажет. Мәселен, ақ сөзінің мағыналық жақтан дамуын қарастырайық. Бұл сөздің бірнеше мағынасы бар: 1. Ақ-боз, шаңқан, аппақ. 2. Ақ-таза, пәк, адал. 3. Ақ-сүттен жасалған әр түрлі тағам. Мұндағы ақ сөзінің аппақ, боз, шаңқан деген мағынасы тура мағына да, басқа мағыналары-тура, негізгі мағынаның нәтижесінде жасалған туынды мағыналар. Негізгі мағына мен туынды мағыналардың өзіндік ерекшеліктерін айқын аңғару үшін ақ сөзін контекст ішінде алып көрген жөн: 1. Қырат басына үстіне кілем жапқан ашамайлы аппақ желмаяға мінген ақ сәлделі біреу көтерілді. 2. Сейілдің көңілі Дәрменге дегенде ақ еді. 3. Ынсапсызға не керек, істің ақ пен қарасы. 4. Мал семіреп, ақ пенен ас көбейер. Бірінші сөйлемде ақ сөзі түсті, одан кейінгі екі контексте таза көңілді, адалдықты, соңғы сөйлемде сүт, айран, қаймақ секілді тағамдарды білдіреді. Ақ сөзінің туынды мағыналарының барлығы ақ деген түсті білдіретін тура мағынаға қатысты жасалған.

Жалпы сөздік құрамдағы сөздердің мағынасы алғашында дара және нақтылы болса керек. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстарды сөзбен атау қажеттігі әрқашан жаңа сөздерді туғыза бермейді. Дүниедегі құбылыстардың ұқсас қасиеттері мен белгілерін білдіру үшін сөздік қорда бұрыннан бар сөз өзінің тура мағынасының үстіне қосымша мағына қосып алады. Сөйтіп алғаш бір мағынаны білдірген сөз енді екі немесе бірнеше мағынаны білдіретін сөзге айналады. Көп мағыналы сөздің пайда болуына, біріншіден, адамдардың өмірді жан-жақты танып білуі әсер етсе, екіншіден, сөздің мағыналық жақтан дамуы себепкер болады. Туынды мағыналар арқылы жасалған көп мағыналы сөздің әрбір жеке мағынасы өзара мәндес басқа сөздермен қарым-қатынасқа түседі де, соның нәтижесінде синонимдес сөздер пайда болады. Көп мағыналы сөздің әр мағынасы жеке синонимдік қатар құрайды. Мысалы, қатты сын есімі бірнеше мағынаны білдіруге байланысты, бірнеше синонимдік қатарға кіреді. 1.Қатты-берік, мықты, тастай. 2.Қатты-қатал,мейірімсіз, қайырымсыз, қатыгез. 3.Қатты-сараң, қарау, қытымыр, пейілі тар.

Қатты сөзінің тура, негізгі мағынасы белгілі бір формасы бар заттың мықты, берік екендігін білдіреді: Мықты зат тиген жеріне қатты әсер етіп, ауыртады, тіптен із де қалдыруы да мүмкін. Яғни қатты заттың өзіндік азды-көпті болсын салмағы болады да, сол салмағының арқасында ол әрі берік, әрі мықты деп есептелінеді. Заттың осындай қасиетіне қатыгез адамның аяусыздығы, қаталдығы салыстырылып, мұндай мейірімсіздік пен қаталдық та қатты сөзімен аталған. Біріншіден, қатты заттың беріктігіне, екіншіден қатыгез адамның қайырымсыздығына байланысты, соларға белгілі дәрежедегі ұқсастықтан, пейілі тарлықты, қытымырлықты да қатты депайту қолданылған. Ал берік, мықты заттың лақтырылған кезде инерциялық күштің арқасында қарама-қарсы жаққа лезде ұшып түсуіне байланысты, осыған сәйкес тез, жылдам деген мағынаны да қатты сөзі арқылы беретін болған. Сөйтіп қатты деген көп

мағыналы сөздің туынды мағыналары осы сөздің тура мағынасының негізінде жасалған.

Әділ сөзі жалғандыққа жаны қас, ешкімді жазықсыз жәбірлемейтін, шындықты сүйгіш деген мағынада қолданылады. Әділ сөзінің бұдан басқа да мағыналары бар. Мысалы: әділ-турашыл, шыншыл. Әділ- тура, жөн, дұрыс.

Сөздік құрамдағы бай сөзі мол, көп, жеткілікті деген мағынада қолданылады. Бай сөзінің осы мағынасының негізінде пайда болған ауқатты, дәулетті деген туынды мағынасы бар. Тура мағынада қолданылған бай сөзі мол, көп деген сөздермен мағынасы жағынан ұқсас болып келсе, туынды мағынада жұмсалған бай сөзі ауқатты, әлді, дәулетті деген сөздермен мағынасы жағынан синонимдес болып келеді.

Сондай-ақ епті, тура, берік, қарапайым деген сөзде көп мағыналы бола келіп, әр мағыналарында әр түрлі синонимдік қатар құрайды. Мысалы:

1.Епті-икемді-бейімді. 2.Епті-пысық-ширақ-еті тірі. 1.Тура-тік-түзу-тіке. 2.Тура-дұрыс-жөн. 3.Тура-шақ-дәл. 1.Берік-қатты-күшті. 2.Берік-мықты-сөзінде тұрғыш. 1.Қарапайым-қатардағы-жай.2.Қарапайым-жұпыны-тұрпайы.

Демек сөздің мағыналық жақтан дамуы, қосымша жаңа мағыналарға ие болуы көпмағыналы сөздердің пайда болуына әсер етсе, көпмағыналы сөз әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатарға ену арқылы синоним сөздердің қатарын кеңейтіп отырады. Көп мағыналылық құбылыста, синонимдер де сөздердің абстракт мағынасымен байланысты болады. Абстракт мағына сөздің нақтылы мағынасынан туып, дамып отырады. Көп мағыналы сөздер мен синонимдер-сөздердің мағыналық жақтан дамуымен байланысты бола келіп, әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Көп мағыналы сөз бен синонимнің негізгі айырмашылығы мынада: синонимдер сәйкес мағыналы болып келіп, бір ұғымды білдіреді. Ал көп мағыналы

сөздер әр мағынасында әр түрлі ұғымды білдіре келіп, әр түрлі синонимдік қатарлардың жасалуына негіз болады. Бір сөз бірнеше ұғымды білдіру арқылы көпмағыналы сөз болса, бірнеше сөз бір ұғымды білдіру арқылы синонимдес болады.

Синонимдік қатарлардың кеңеюіне әсер ететін көп мағыналы сөздердің мағыналарының біреуі негізгі мағына болса, қалғандары туынды мағыналар болып саналады. Сөздің мағыналық жақтан дамуына, туынды мағыналардың пайда болуына ұйтқы болатын-оның тура мағынасы. Мысалы, бос деген сөзді алып көрейік. 1.Бос-ішінде ештеңе жоқ. 2.Бос-бейсауат, жұмыстан тыс, пайдаланылмаған уақыт. 3.Бос-еркін, азат. 4.Бос-жуас, момын, ынжық. 5.Бос-құралақан, ештеңесіз.

Бос сөзінің туынды мағыналарының пайда болуына ұйтқы болатын-ішінде ештеңе жоқ деген тура мағына. Бұл мағына туынды мағыналардың жасалуына негіз бола келіп, оларды әрі айқындап, әрі толықтырып тұр. Бос сын есімінің тілде алғаш қолданылғаны да осы мағына болу керек. »Бейсауат, жұмыстан тыс, пайдаланылмаған уақыт»; «жуас, ынжық»; «еркін, азат»; «құралақан, ештеңесіз» деген мағыналардың туынды ретінде, тілдің дуамы барысында кейінірек пайда болғаны аңғарылады.

Сын есім синонимдердің қалыптасуына әсер ететін көпмағыналы сөздің семантикасының біреуі басқаларына ұйтқы болуына байланысты оның туынды және негізгі мағынасының жігін ажыратып, бұлардың бір сөзбен аталу себебін түсіндіру оншама қиын болмайды. Мысалы, қисық деген сын есім мынадай мағыналарды білдіреді: 1.Бір жағына қарай майысқан, иілген, түзу емес. 2.Қыңыр, қикар.3.Әділетсіз, қиянатшыл.

Бұл қисық сөзінің әділетсіз, қиянатшыл, қыңыр деген мағыналары алғашқы-затты иілген, қисайған қасиетінің негізінде жасалған. Мұндағы әр түрлі ұғымдардың бір сөзбен аталуының себебі, олардың белгілерінің, ерекшеліктерінің ұқсастығына байланысты.

Сол сияқты қымбат сөзінің әр мағынасы бөлек синонимдік қатар құрайды. 1.Қымбат-бағалы-құнды. Щедрин осы сіздер үшін қаншалық *қымбат*, қажет үлгілер берер еді (328-б.2). 2.Қымбат-асыл, жақсы, саф, әдемі, таза. 3.Қымбат-ардақты, қадірлі, құрметті.Майқан алып келе жатқан дәрігер, лазареттің барлық Алматы қаласы білген *қадірлі* дәрігері-доктор Фидлердің өзі (424-б.2).Анық осы қаладағы ең *ғазиз*, *қымбат* бәндә Сармолла екені енді көрінді (471-б.2).Құрбан ететіні қаншалық *қадірлі*, *асыл* зат, қиын *қымбат* болса да халық соған бекінсін де аямасын (462-б.2). Абай бұл сөздердің аржағында, өзінің *асыл* ұлының даналыққа жетердей ақылы, өнері барын аңдайды (561-б.2).

Мұндағы туынды мағыналар қымбат сөзінің бағалы, құнды деген негізгі мағынасы арқылы пайда болған. Асыл, жақсы нәрсе әрқашан да қымбат болады. Қадірлі құрметті адамның дәрежесі жоғары, беделді, сыйлы болуын байланысты қымбат сөзі ардақты, құрметті деген мағынаны да білдіреді.

2. Кірме сөздер арқылы пайда болған синонимдер

Қазақ тіліндегі сын есім синонимдер басқа тілдерден енген сөздер арқылы да толығып отырады. Қоғамның дамуы барысында әр түрлі елдермен қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде қазақ тілінің сөздік құрамына көетеген кірме сөздер енді. Сөз алмасуда әрбір халық басқа тілден жаңа ұғымдағы сөздерді алып ғана қоймайды, сонымен қатар сөздік құрамда өзінде бар ұғымға сәйкес сөздерді де қабылдап алады. Мұндай жағдайда кірме сөз бен төл сөз өзара синонимдік қатынасқа түседі. Демек тілдегі синонимдер әрбір тілдің өзінің сөздік қоры негізінде ғана емес, басқа тілден енген сөздер арқылы да молайып отырады.

Қазақ тіліндегі сын есім синонимдердің қатарын толықтырып отырған кірме сөздер негізінен араб және парсы тілдерінен енген сөздер болып келеді. Мысалы: Қате-теріс, бұрыс, жаңсақ. Азат-ерікті, тәуелсіз. Дана-данышпан, кемеңгер. Адал-ақ, таза, пәк. Абзал-ардақты, құрметті, қадірлі. Мысалдар келтірейік: *Қадірлі* ақын, *құрметті* қонағына Абай қадалып қарап қапты (325-б.1). Шапқылап бара жатқан баланың киім, тұрман сәні, аса бір *ардақты*, жалғыз қыз сәніндей (378-б.1).

Бұл синонимдік қатарлардың әрқайсысының алдындағы сыңарлары басқа тілден енген сөздер. Мұндағы араб тілінен енген адал сөзі таза, пәк сөздерімен абзал-ардақты, қадірлі, құрметті сөздерімен, қате-теріс, жаңсақ, бұрыс сөздерімен синонимдес болып келсе, парсы тілінен енген азат сөзінің мағынасы ерікті, тәуелсіз сөздерінің мағыналарымен, дана, данышпан дегендердің мағыналары кемеңгер сөзінің мағынасымен сәйкес келіп, бір-бірімен синоним болады.

Сол сияқты: қас-араз-өш, бекем-мықты-берік, зұлым-озбыр сөздері араб тілінен енген болса, тамаша-жақсы-әдемі, нақақ-кінәсіз, бейқам-селқос-енжар, қарыздар-борышты, мүшкіл-нашар, кіріптар-тәуелді деген синонимдік қатарлардағы тамаша, нақақ, бейқам, қарыздар, мүшкіл, кіріптар дегендер-парсы тілінен енген сөздер. Романнан мысал келтірейік:

Бұл күндерде *тамаша* ертегіші, әңгімеші Баймағамбет қалың елге аса қадірлі адам боп кеткен (236-б.2). Соны енді *әдемі*, жаңа қара таралейкеге жегіп шығатын бопты (310-б.2); Кейбір *өш* қари, халфе, мәзіндерін атады (412-б.2).-Балам үлкендер бірде тату, бірде *араз* бола беретін (74-б.2).

Сын есім синонимдердің қатарын кеңейтіп отырған парсы және араб тілінен енген сөздердің ерекшелігі-олардың қай-қайсысы болса да қазақ тілінің сөздік құрамына әбден сіңісіп етен жақын болып кеткен. Сондықтан кей реттерде мұндай кірме сөздерді бірден айырып тану қиынға түседі. Мысалы, қатал-қайырымсыз-мейірімсіз-қатты, асыл-қымбат-бағалы деген синонимдік қатарлардағы араб тілінен енген қатал, асыл сөздері де, парсы тілінен келген қымбат сөзі де-қазақ тілінің сөздік құрамына енген кірме сөздер. Мысалы: Тәкежан мен Ысқақ ішінара Абайдың турашыл, *қатал* сөзінен, алғыр айтқыш шешендігінен де жасқанады. Мен сізді былтыр бір көргеннен аса *қадірлі*, *асыл* жан деп бағалағам (302-б.1).

Кірме сөздердің кейбіреулерінің қазақ тілінің сөздік қорына әбден сіңіп кету себебі, олардың қазақ тілінің лексикасына ертеректе енуімен байланысты болу керек. Бұлай дейтін себебіміз, біріншіден, қазақ тіліндегі сын есім синонимдердің қатарын кеңейтіп отырған негізінен араб және парсы тілінен енген кірме сөздер. Ал, араб, парсы, монғол тілдерімен сөз алмасу ертерек кезеңдерде, XX ғасырға дейінгі кезеңде жүзеге асқан.

Кейбір кірме сөздердің қазақ тілінің лексикасына енеті жақын болып кеткендігі соншалық, олар өздерінің бастапқы білдіретін ұғымынан басқа екі, үш түрлі мағынаны көрсетіп, көп мағыналы сөзге айналған. Содан барып, бір кірме сөз, бірнеше синонимдік қатарларда жұмсалады. Мәселен, араб тілінен енген асыл қазақ тілінде бірде құнды, бағалы, қымбат деген ұғымды білдіріп, осы сөздермен синоним болса, екіншіде ардақты, қадірлі, құрметті деген мағынаны көрсету арқылы асыл-ардақты-қадірді-құрметті тәрізді синонимдік қатарды құрайды. Асыл сөзі араб

тілінде де бірнеше мағынада қолданылған. Мәселен, Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте асыл сөзі текті тұқым, бекзада, асыл тұқым, дұрысы, нағыз, табиғи деген мағыналарды білдіреді делінсе, осы сөздікте әділ сөзіне: 1)әділдік, әділ сот; 2)туралық; 3) әділ соттаушы, алаламайтын деген түсінік берілген¹. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (1-т. 1974. 577-б) әділ сөзі жан-жақты түсіндіріле келіп, мынадай мағыналарда қолданылады деп көрсетілген: әділ сын. 1.Жалғандыққа жаны қас, шындықты сүйгіш. 2.Турашыл, шыншыл. 3.Тура, жөн, дұрыс.

Бір тілдегі көп мағыналы сөз екінші тілге ауысқанда бір мағынаны ғана білдіруі мүмкін. Кейін тілдің даму барысында алғаш бір мағынада қолданылған сөз туынды мағыналарға ие болады. Бір сөздің көпмағыналы сөзге айналуының өзіндік заңдылықтары бар екендігі белгілі. Кейбір кірме сөздер көп мағыналы болғанымен, бір ғана синонимдес қатар құрайды. Мәселен, арабша-қазақша сөздікте ғазиз сөзіне: 1) күшті, қуатты;2) сирек, бағалы; 3) сүйкімді, жарқын, қымбатты деген анықтама берілген.Ал қазақ тілінде ғазиз сөзі, негізінен, қымбатты, аяулы, ардақты деген мағынада қолданылады.Мысалы: *Ғазиз* құрбым, сізді мен ұмытқам жоқ (288-б.2).

Сонымен қатар, қазақ тіліне араб тілінен енген дүлдүл, саф сөздері өздерінің лексикалық мағыналарымен қатар экспрессивтік мәні араб тілінен енген дүлдүл, саф сөздері өздерінің лексикалық мағыналарымен қатар экспрессивтік мәні де сақтап қалған. Дүлдүл сөзі мақтаулы ат, ерекше жүйрік тұлпар мағынасын бідіре келіп, көтеріңкі эмоциональды-экспрессивтік мәнді білдірсе, саф өте жоғары бағалы, таза, тұнық деген мағынада қолданыла келіп, айрықша көтеріңкі лепті танытады.

Басқа тілден кірме сөздердің кейбіреулері қазақ тілінің сөздік қорына қосылғаннан кейін, сөз тудырушы жұрнақтардың нәтижесінде бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады. Мәселен, араб тілінен енген айып, дәлел, құрмет, хабар тағы басқа зат есімдер сөз тудырушы жұрнақтар

¹ Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. 1989. 21-б.

арқылы сын есімге айналған. Мысалы: айыпты, дәлелді, пайдалы, құрметті, хабарсыз т.б. Бұл сөздердің әрқайсысы сын есім синонимдік қатардың бір сыңары ғана бола алады. Айыпты-кінәлі-жазықты-қылмысты. Құрметті-қадірлі-ардақты-сыйлы. Дәлелді-нақтылы. Пайдалы-қажетті т.б. Мысалы: Сонда және осы жиынға келетін *ең қадірлі, ең сыйлы* деген елдің қонағының бірін берсін, соны өтінеді (194-б.2); *Айыпты, жазықты* ғой, ендеше жазасы не болады? (481-б.2). Құлыншақтар ол турада өздерін *кінәлі* деп санар емес (154-б.1).

Жалпы кірме сөздер бір тілден екінші тілге ауысқанда мүлде өзгеріссіз сол қалпында қала бермейді. Олар мағыналық жағынан болсын, дыбыстық формасы жағынан біршама өзгеріске түсіп отырған. Мәселен, хәта, қате; қател, қатал; тәкаббар, тәкаппар; харусдер, қарыздар, т.б. Мұндай өзгерістердің себебі кірме сөздердің қазақ тіліне тікелей емес, басқа аралық тіл арқылы ауысуынан болса керек. Әсіресе араб және парсы тілдерінің әсерін қазақтар басқа түркі тілдері арқылы қабылдады.

Жалпы қазақ тілінің сөздік қорын кеңейтіп, синонимдерін байытуда басқа тілдерден енген сөздердің кейбіреулері аз қолданылып, пассивті қызмет атқарса, екіншілері лексикада жиі қолданылып, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болады. Мәселен, жоғарыда сөз болған адал, азат, тамаша, абзал дегендер-қазақ тілінің сөздік қорынан тұрақты орын алған сөздер.

3. Фразеологиялық тіркестер арқылы жасалған синонимдер

Қазақ тіліндегі сын есім синонимдер өз алдына дербес қолданылатын жеке сөздер арқылы ғана емес, бір бүтін мағынаны білдіретін, құрамы мен құрылымы тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері арқылы да жасалады. Мысалы: Екі дос тонның ішкі бауындай бір-біріне жақын еді. Қыл өтпестей тәттілікті бір ашуға сатпайық. Осы сөйлемдердегі тонның ішкі бауындай, қыл өтпестей деген тұрақты ф сөз тіркестері бір-бірімен синонимдес болады. Мұндағы тұрақты сөз тіркестерінің құрамына енген сөздер өздерінің о бастағы дара мағынасынан айрылып, тұтас бір бүтін единица ретінде жұмсалып отыр. Мысалы, тонның ішкі бауындай деген тон туралы сөз болып отырған жоқ, бұл сөз басқа сөздермен бірігіп, ауыспалы мағынаға ие болу арқылы, жаңа ұғымды білдіріп тұр. Жалпы фразеологиялық тіркестердің құрамындағы жеке сөздер негізгі мағыналарынан мүлде не жартылай айрылып, біртұтас мағынаны білдіретіндігі айқын. Фразеологизмдердің құрамына енген сөздердің бәрі бірігіп келіп, бір ұғымды көрсетеді.

Фразеологиялық сөз тіркесі белгілі бір сөз табына жататын сөздің эквиваленті ретінде жұмсалып, сол сөзге тән формалармен түрленеді. Мысалы, су жүрек, қоян жүрек деген фразеологиялық сөз тіркестері-қорқақ деген сын есімнің эквиваленттері. Қорқақ сөзі сын есімге тән күшейтпелі шырай формасын қабылдап өте қорқақ, тым қорқақ деп қолданылатын болса, бұл сөздің эквиваленттері болып саналатын су жүрек, қоян жүрек сөз тіркестері де бір бүтін единица ретінде басқа формаларды қабылдайды. Фразеологиялық сөз тіркесінің құрамындағы компоненттердің әрқайсысы (су, жүрек, қоян) жеке тұрып түрленбейді, әрі дербес сөз ретінде бұл мағынада қолданылмайды.

Фразеологиялық сөз тіркестері арқылы жасалған сын есім синонимдерді негізінен екі топқа бөліп қарастырған жөн. Біріншісі-фразеологиялық сөз тіркестерінің бір-бірімен өзара мән-дес келуі

нәтижесінде жасалған сын есім синонимдер. Екінші- фразеологиялық сөз тіркестерінің жеке-дара сөздермен мағыналық жағынан ұқсас келуі нәтижесінде пайда болған сын есім синонимдер. Яғни қазақ тіліндегі сын есім синонимдер бірде фразеологиялық сөз тіркесінің жеке сөзбен синонимдес болып келуі арқылы жасалса, бірде фразеологиялық сөз тіркестерінің өзара синонимдес болып келуі нәтижесінде қалыптасады

Мағыналары жағынан ұқсас болып келу арқылы фразеологиялық сөз тіркестері бір-бірімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсалады. Мұндай жағдайда мағыналары сәйкес бірнеше сөздердің бірыңғай синонимдік тізбек құратыны сияқты фразеологиялық тіркестердің екеуі не бірнешеуі бірігіп келіп, бір синонимдік қатар жасайды. Мысалы: Тайға таңба басқандай-соқырға таяқ ұстатқандай-бесенеден белгілі-айдан-анық.

Мұнда бір синонимдік қатарға бірнеше тұрақты сөз тіркестері бірігіп келіп, ашық, белгілі, айқын деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұл синонимдес фразеологиялық тіркестер өте айқын, тым ашық, анықтың анығы деген экспрессивтік мағынаға да ие болады. Сөйлем ішінде фразеологиялық сөз тіркестерінің бұл мағыналары айқын аңғарылады:

Азуы алты қарыс-ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс деген фразеологиялық тіркестер мықты, күшті, әлді деген мағынаны; мұрнын көкке көтерген-кеудесіне нан піскен-кеудесі зор сөз тіркестері-тәкаппар, менмен мағынасын; бір ұрты май, бір ұрты қан, шаш ал десе бас алатын деген фразеологиялық тіркестер қанішер, қаныпезер, катыгез, зұлым деген мағынаны білдіре келіп, әрқайсысы әр бөлек синонимдік қатар құрайды. Көркем әдебиетте өзара синонимдес фразеологиялық тіркестер қатар жұмсала келіп, баяндалып отырған зат, іс, оқиғаның әр түрлі қасиеттерін жан-жақты бейнелеп, айқын суреттеу үшін қолданылады. Мысалы: Кешегі Өзімбайдай *азуы алты қарыс* дейтін, жасанып келген жаумен алысқан

кедей тобы мынау (273-б.2). Мировой судьялар анық *бұзық, жауыз* адамдарды жазалай алмай қойды (375-б.2).

Өзара синонимдес фразеологиялық сөз тіркестері бір-бірінен әр қилы мағыналық, экспрессивтік реңктер арқылы ажыратылады. Осыған байланысты олардың бірінің білдіретін мағынасын екіншісі дәл сол күйінде жеткізе алмауы мүмкін. Мәселен, өтірікші сөзімен синонимдес болып келетін сөзінің қоспасы бар, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай деген тұрақты сөз тіркестерін алып қарастырсақ, олардың мағыналарында айырмашылықтар бар. Мысалы: Баланың жүзіне үңіле қараған Баттал, осы шіркіннің сөзінің қоспасы бар ма деп жорыды. Дәрмен ойына келгенді көпіртіп соға беретін өтірікші осы адамды жақтыра бермейтін. Тазша бала өтірікті шындай, ақсақты тыңдай көсілте жөнелді. Мұндағы сөзінің қоспасы бар дегендегі тіркестің мағынасы өтірікші, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай деген синонимдердің мағынасына қарағанда жұмсақ және майда тілмен жеткізілген. Ал өтірікті шындай, ақсақты тыңдай дегенде өтірік айтуға асқан бейімділікті, икемділікті ағаруға болады. Демек, бұл тұрақты сөз тіркестерінің мағыналары жалпы сәйкес келгенімен, тең емес, олардың бірінің екіншісінен әсірелеу бояуы артық не кем.

Фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы сөздер біртұтас мағынаны білдіре келіп, бір бүтін единица ретінде жұмсалу арқылы жеке-дара сөздермен де синонимдес болып келеді. Сөйтіп, фразеологиялық сөз тіркесі олармен бір синонимдік қатар құрайды. Мысалы: Бірақ Қамысбай *«шап ал десе, бас алатын»*, Майбасардың өзінен асқан бүлік, бұзақы, қанқұйлының өзі (26-б.1). *Қатыгез* болыс әлсізін аясын ба?! Қанішер, қаһарлы хан ашуы көп, Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп. Ал мынау төменгі отырған жігіт осы ел ішіндегі тынымсыз, *қаныпезер* қатты ұрының бірі (179-б.2). *Жауыз* адамдардың өз жауларын «жасытамын» деп осындай шатақ жасайтынын да айтады (449-б.2). Кімді атаймын *«зорлықшы, сотқар, қиянаткер, бүлік басы»* Тобықтыны атаймын (659-б.2).

Алғашқы сөйлемдегі шаш ал десе бас алатын дейтін тұрақты тіркесі қатыгез, қанішер, қаһарлы сөздерімен синонимдес. Мысалы: Осының бәрі жиылып, бір де бір *кісі өлтіргіш, қанішер* бұзықтардың немесе үлкен жолда, қараңғы түнде талан-тараж жасаушы жолбасарлардың қолына түспес жақсы жағдай еді (465-б.2).

Тілдік қолданысты қолданылатын, лексикалық-фразеологиялық синонимдер мыналар: Қой аузынан шөп алмас-жуас, момын, жасық. Көзі ашық-сауатты, білімді. Қолы ашық-береген, мырза, жомарт. Түп жоқ-мешкей, жалмауыз, ашқарақ, қомағай. Үріп ауызға салғандай-сүйкімді, әдемі, әсем, әрлі, сұлу, көркем. Мірдің оғындай-өткір, ащы.

Тілде белгіленетін заттың (ұғымның) атауы болатын сөз бен сол ұғымға экспрессивтік-стилистикалық бояма мән беретін фразеологиялық сөз тіркесі бір-бірімен синоним болады. Тілдегі мұндай синонимдерді лексика-фразеологиялық синонимдер деп атауға болады.

Фразеологиялық сөз тіркесі жеке сөзбен синоним бола отырып, синонимдік қатардың ұйытқысы бола алмайды. Фразеологиялық сөз тіркесі мен жеке сөзден құралған синонимдік қатарға басты тірек болатын-лексикалық единицалар. Өйткені жеке сөз зат пен құбылысты, оның сындық қасиеттерін тура атайды. Ал оларға синоним болатын фразеологиялық тіркестер мағына жағынан тұтас бірлік бола тұрса да, зат пен құбылыстың тура атауы емес, жанама атауы.

Сонымен, фразеологиялық сөз тіркестері жеке сөзбен синонимдес болғанмен, онымен (жеке сөзбен) мағынасы жағынан тең болмайды. Фразеологиялық синонимдер сөздерге тек балама болады да, экспрессивтік реңкті білдіреді. Осындай ерекшеліктеріне байланысты фразеологиялық сөз тіркестері көбінесе стильдік мақсатта жұмсалады.

Лексика-фразеологиялық синонимдік қатардың бір сыңары болатын фразеологиялық сөз тіркесінің құрылымы әр түрлі болып келеді.

Оның жасалу жолдары төмендегідей:

1. Екі зат есімнің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

Су жүрек, қоян жүрек- жасқаншақ, үркек, қорқақ.

Тас бауыр, без бүйрек-қатал, қатты, қатыгез. Романнан мысал келтірейік: Осы қарағыма өзгелердің *тас бауыр, қатыбас* мінезін бере көрме деген еді (281.1). *Без бүйрек*, жан шығарда ғана үн шығарады ғой! (613-б.2).

2. Сын есім мен зат есімнің тіркесуінен болады.

Қара дүрсін-білімсіз, надан, топас.

Кәрі тарлан- әккі, тәжірибелі.

Ақ көңіл, ақ көйлек- мейірімді, пейілді, ашық мінезді. Мысалы: Шыншыл тіл, әдебі зор, таза жүрек, *Ақ көңіл* сақтамайтын ішінде кек (578.2). Дүниеқорлығы, сараңдығы жоқ, дос болған адамына *ақкөйлек ашық* (230.2). Сендірер үміт берер сенімі аз болса да *мейірімді* Лев Николаевич соншалық биязы, дана мінезді Әбішті ренжіте алмайды (575.).

Бейпіл ауыз-дөрекі, тұрпайы, анайы. Мысалы: Көз көп, *бейпіл ауыз* мол (533.2). Неткен *сезімсіз, тұрпайы?* (187-б.1). Бірақ Майбасардай қатаң, *тұрпайы* адамдардың мінезі мұның ойындағы құпия сезімін аямай қылжақ ететін тәрізді (98-б.1).

Ала аяқ- қу, залым. Мысалы: Өзі белгілі *алаяқ, алдамшы*, «қужауырын Әбділда» деп аталатын пәлекор бидің бірі болатын (554.2). Алғызып отырған болыс пен шабарман, өңшең *қу* старшын (389.1). Бұның бұның бетінен қандай *айлакер, залым содыр* мықты болса да, жасқана жүретін (215.2).

3. Тәуелдік жалғаулы зат есім мен сын есімнен құралған үйірлі мүшенің үлгісінде келуі мүмкін.

Жібі түзу-дұрыс, жөн.

Мінезі ауыр-салмақты, байсалды, байыпты.

Қолы ашық-береген, мырза, жомарт.

Еті тірі-пысық, ширақ.

Аузы жеңіл-сөзшең, сөзуар.

Иі қатты-қатал, қатты

Мойны жуан-бай, дәулетті, әулетті т.б.

Құлағы түрік-сақ, қырағы. Қала бұл жағына келгенде *құлағы түрік* орта (678-б.2). Оразбайдың бозқасқасына әрқайсысы өз ішінен *сақ* есебін ойлап келген екен (362-б.2). Оны сездірген *сақ, қырағы* Дәндібай (545-б.1).

Көзі ашық-білімді, саналы оқымысты. Ойласам, барласам, надан сахарадан, қараңғы қауымнан шығып, *көзі ашық* адам болғанымды мен енді ұмытсам керек (528-б.2). Өмірбойы *ашық ойлы, білгір, саналы* болған асыл жан, өлім сағатында да даналық қайратынан айрылмаған (152-б.2). Абай өзінше ойлағанда, Әбіш әкесінің сапарына осындай *оқымысты* баласының жәрдемін қосқан еді (346-б.2). Аса *білімді* адамсыз (366-б.2).

4. Фразеологиялық сөз тіркестің құрамындағы сөздердің біреуіне сын есімнің -дай, -дей жұрнағы жалғанып келуі мүмкін. Мысалы:

Сүттей ұйыған, тонның ішкі бауындай- ынтымақты, тату.

Жүзіктің көзінен өткендей- жинақы, жылпос.

Үріп ауызға салғандай-сүйкімді, әдемі, әсем.

6. Зат есім мен есімше етістік тіркесіп келіп те фразеологиялық сөз тіркесін жасайды:

Бас кесер- қаныпезер, қатыгез.

Бұғанасы қатпаған- жас, кішкене

Аспанмен тілдескен-биік, заңғар

Сіңірі шыққан- жұтаң, жүдеу. Анық *сіңірі шыққан* кедей ұраны еді (238-б.2). Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және түстері *жүдеу*, ашаң тартып сұрланған, киімдері жыртық, екі-үш орта жасты адам бар (389-б.1).

Жан ашыр, жан күйер- мейірімді, рақымды. Мысалы: Ауыл болса, Ақылбай хабарына карағанда есті-басты, *жанкүйер* жандарды керек ететін тәрізді (440-б.2). Атыраптағы жақын туыс, *жан ашыр* дос-жаранға

«Оспан науқас» деген хабар жетіп үлгергенше, тез қайтыс болған (228-б.2). Сендірер үміт берер сенімі аз болса да *мейірімді* Лев Николаевич соншалық биязы, дана мінезді Әбішті ренжіте алмайды (425-б.2). *Өте рақымды, мейірлі*, аса бір кең мінезді Мағаш құлқы жаман, қылығы сорақы атқамінерлер, даугерлер, арамқұлық паракорлар туралы сөйлегенде әзілінде зіл сездіреді (562-б.21).

Тіс қаққан-тәжірибелі, епті. Мысалы: Көптен бері сан сайлауды өткізген, *тіс қаққан* Жиренше біледі (51-б.2). Дарья әр есіктен қарап, көп әйелді ертіп *тәжірибелі* көзімен нашар күйлерді танып жүр(187.2). *Епті* жеңге сонымен екі жастың арасына лайықты дәнекерлікті биязылықпен атқарды (301-б.2).

Бармағынан бал тамған- шебер, ісмер. Мысалы: Анық «*бармағынан бал тамған*» дейтін осы (190-б.2). Мәкен *өнерлі, ісмер*, кесте мен оюға әсіресе *шебер* екен (555-б.2).

Азуы шыққан-қатал, жауыз. Бұл күнде *азуы шыққан қатал, асау* Әзімбай, тегінде өлердей тоңмойын, томырық болып келе жатқан (80б.2).

7.Бар, жоқ модаль сөздерімен тіркесіп келген зат есімдер де сын есім синонимдік қатардың бір компоненті болатын фразеологиялық сөз тіркесін жасайды: Қыры жоқ-епсіз, дөрекі. Түп жоқ-қомағай, ашқарақ.

Аяғының желі бар-жүйрік.Мысалы: -Мына бес баламның ортасында *аяғының желі бар* жалғыз-ақ ат, бөрте ат еді (154-б.1).Дәл осы күннің түс кезінде Құнанбай жүз елудей атпал азаматқа ең *жүйрік* аттарды мінгізіп, қолдарына тегіс сойылдарын тастатып, айбалта, найза бергізді (158-б.1).

Кеудесінде оты бар- пысық. Мысалы: *Кеудесінде оты бар*, азаматтық оты бар кәрі-жас солай ойламай қоя алмаса керек!-деп Абай өз дәлелін сенімді үнмен сөйледі (570-б.2).

Сайда саны, құмда ізі жоқ –белгісіз. Мысалы: Сен осы *сайда саны*, *құмда ізі жоқ* қайдағы бір құнсыздарды «ел», «жұрт», «көп» дегенді қашан

қоясың? (92-б.2). Ол бірде Павлов, біресе оған аты *белгісіз* қадірлі жандар жаңа дүние, жыл құстары тәрізденді (573-б.2).

8.Фразеологиялық сөз тіркесі етістік тұлғасында келіп те сындық мағынаны білдіреді:

Етінен ет кесіп беретін-шыдамды, төзімді.

Кесіп алса қан шықпас- қайсар, бірбеткей.

Ағаштан түйін түйген- шебер, өнерпаз.

Тепсе темір үзетін-қарулы,мықты. Соңғы он жыл ішінде өзі *мықты* хирург те болып алған (426.2). Мыңжасар *тепсе темір үзетін* қайраты бар адам (181.2).

Әліпті таяқ деп білмейтін- қараңғы, сауатсыз, надан. Мысалы: Тіпті әлгі *әліпті таяқ деп білмейтін* Баймағамбетіне шейін, қасыма келіп бір түнеп кетсе, жанымнан ен дария ағып өткендей, көп сусындап қаламын (235-б.2). Ал «мүфтиге қарап, дін-қарындас іздейміз» деп *қараңғы* түнекке тағы апарып, өзі жабайы жұртты қамау, ол бұл күнде адасқандық (549-б.2).

Жатып ішер-жалқау. *Жатып ішер* жалқау да емес (181-б.2).

Жалпы фразеологиялық сөз тіркестері жеке сөздермен де, өзара синонимдес бола келіп, экспрессивтік қызмет атқарады. Фразеологиялық сөз тіркестері айрықша көркемдік мән тудыра отырып, ойды әсерлі, бейнелі жеткізуге мүмкінді туғызады.

Қорытынды

Сын есім синонимдер дегеніміз формалары жағынан әр түрлі, мағыналары тарапынан сәйкес, әрқайсысы өзіндік реңктермен ерекшелене келіп, бір ұғымды білдіретін сын есімдер.

Жеке тұрғанда мағыналық ерекшелігі айқын байқалмайтын сөздер, өзара мәндес сөздермен қарым-қатынасқа түсу арқылы мағыналық жағынан жанданып отырады. Тілдегі сөздердің мағыналық жақтан дамуы, өзгеруі синонимдердің мағыналарының түрленіп, жаңаруына әсерін тигізеді. Мағыналық дамудың арқасында кейбір сөздер жаңа мағынаға ие болса, енді біреулері көп мағыналы сөзге айналады. Сөздік құрамдағы кейбір сөздер негізгі мағынада қолданылумен қатар, ауыспалы мағынада да жұмсалады. Мұндай даму заңдылығы әрбір тілдің сөздік құрамына тән нәрсе. Олай болса, тілдің жалпы лексикасына тән даму, өзгеру сипаты- синонимдерге де тән ортақ заңдылық. Синонимдер осы ортақ заңдылық негізінде қалыптасады, дамиды, өзгереді.

Мәселен, тілдің дамуы барысында белгілі бір синоним сөздер ескіріп, синонимдік қатардан шығып қалып отырса, екінші сөздер мағыналық жақтан дами келе, жаңа синонимдік қатарды құрайды. Өйткені, тіл мен қоғам дамыған сайын сөздер мен сөз байлығының алуан түрін қажет етеді. Нақтылы қолданылуы, таңдап алуға ыңғайлылығы жағынан ең өрісі кең сөздер синонимдер болып табылады. Синонимдер сөйлегенде де, жазғанда да айтар ойды көркем, дәлме-дәл әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді. Семантикасы сәйкес, реңктік ерекшеліктері бар единицалар арқылы тіл мейлінше кең орамға көнеді. Сондықтан синоним сөздерді әркім өз мақсатына сай түрліше пайдаланады.

Сын есім синонимдерді қарастыру тіліміздің кең арналы сөз байлығын білумен, тілдегі алуан түрлі синонимдес сөздерді жете меңгерумен байланысты. Себебі тілдегі синонимдер сөздік құрамның бір бөлшегі болып саналады. Сөздік құрам синонимдердің мағыналық жақтан

жетілуіне ықпал етсе, синонимдер сөздік құрамның өсуіне әсерін тигізеді. Сын есім синонимдердің жасалуы-семасиологияның ішкі заңдылықтарына байланысты болатын сөздердің мағыналық өзгеруі, дамуымен және сыртқы қоғамдық қарым-қатынасқа байланысты сөздік құрамға шеттен кірген кірме сөздердің енуімен тығыз бірлікте қарастырылады. Тілдегі сын есім синонимдер әр түрлі түбірлерге түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы, бірігіп, тіркесіп, қосарланып келген күрделі және көп мағыналы сөздер арқылы, әрі сөздердің бірінің орнына екіншісі алмасып келіп табу, эвфемизм болуы нәтижесінде жасалады.

Сол сияқты сын есімнің синонимдік қатары шет тілдерден енген кірме сөздер мен әдеби тіл құрамына қосылған қарапайым сөздер тарапынан кеңейіп отырады. Сын есімдер жеке сөздердің синонимдес болып келуі нәтижесінде ғана емес, тұрақты сөз тіркесінің жеке сөздермен және өзара мәндес болып келуі арқылы да қалыптасады.

Фразеологиялық сөз тіркесінің біртұтас мағынасы дербес жеке сөздің мағынасымен ұқсас болып келеді де, бірыңғай синонимдік қатар түзеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Болғанбайұлы Ә. Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы. 1997ж.
2. Кеңесбаев І, Мусабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алматы 1995.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы. 1988ж.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы. 1997ж.
5. М.Әуезов «Абай жолы» Алматы. 1991ж.